



MATERIÁLY

X MEZINÁRODNÍ VĚDECKO-PRAKTICKÁ KONFERENCE



DNY VĚDY - 2014

27.03.2014 - 05.04.2014

Díl 17

Filologické vědy



Praha
Publishing House
«Education and Science» s.r.o.



Кравченко Т.В. Актуалізація інтегрованих завдань при вивченні іноземної мови професійного спрямування	68
Власюк Н.И., Салита Ж.Е. Эффективное межкультурное взаимодействие в обучении иностранным языкам	70
Испандиярова А.Т. Күрделі сөздердің табиғаты және оның түрлері.	75
Муханова О.М. Формування комунікативної компетенції студентів	79
Шепелєва О.В. Електронні словники як важливий допоміжний елемент в процесі навчання іноземних мов	81
Ящук О.В. Навчально-методичний матеріал для самостійної роботи у навчанні англійської мови професійного спрямування	83
Ким И.А. Developing leadership skills at the lessons of Professional English	85
Журсиналина Г.К. А.Байтұрсынов – қазактың парасатты патриоты, сан қырлы саңлақ дарын иесі	88
Молгаждарова С.М. Русский язык в системе этнокультурного воспитания личности.....	93
Бондаренко Е., Катели Ю., Хан Н.К. Нетрадиционные уроки русского языка в школе: достоинства и недостатки	96
Хан Н.К., Кривова А. К вопросу об изучении фразеологии в школе	99
Алимхожаева А. Төлен Әбдіков прозасындағы отбасылық құндылықтардың көрінісі	102
Кузнецова О.М., Грахова С.И. Программа ДОУ «Альметьевск литературный»: теоретическое обоснование и перспектива	104

Испандиярова А.Т.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің
аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІҢ ТАБИГАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРИ.

Күрделі сөздер: күрделі біріккен сөздер, күрделі кірікken сөздер, күрделі қос сөздер, күрделі қысқарған сөздер және тірке斯ken болып бөлінеді.

Қазақ тіліндегі кірікken сөздерге бәйшешек, белбеу, қонағасы, биыл, бүгін, тоқсан, қарлығаш тәрізді сөздер жатады. Тіл мамандарының қай-қайсысы болмасын кірікken сөздерге компоненттері дыбыстық өзгеріске ұшырау салдарынан бастапқы түр-түрпательнан өзгерген сөздерді жатқызады. Мысалы: бәйшешек, бәйтерек сөздерінің құрамындағы бәй деген элемент әуел баста бай формасында болғаны, кейін соңғы компоненттердегі жіңішке дауысты дыбыстың ықпалынан «а» фонемасы, «ә» фонемасына айналып, бәйшешек, бәйтерек болып қалыптасып кеткені мәлім.

Біріккен сөздерге: қарабауыр, ақсаzan, ұлтабар, көксерке, итмұрын, қаракұс, аққу тәрізді сөздер жатады. Біріккен сөздер біріншіден кейбіr жүрнектар арқылы туынды сөздің жасалуына негіз болады. Мысалы, ақсақалды, ақкудай т.б. Екіншіден, кейбіr терминдік атаулардың құрылымын жасауга қатысады. Мысалы: тасбақа, өнеркәсіп, құндызы [1, 7].

Күрделі қысқарған сөздер әрі ықшамдалып, әрі бірігіп жасалады. Күрделі қысқарған сөздер ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси терминологияда, мекеме, ұйым аттарында ұшырасады. Күрделі атаулар мынадай жолдармен ықшамдалады:

а) Күрделі атаудың әрбіr сөзінің басқы дыбысынан құралады: ТМД, АҚШ, ХҚТУ.

ә) Күрделі атаудың құрамындағы алғашқы сөзінің басқы дыбыстарынан құралады: ҚазМУ, АлМи;

б) Күрделі атаудың құрамындағы әрбіr сөздің басқы буындарынан құралады: партком, совхоз, обком ;

в) Күрделі атаудың құрамындағы алғашқы сөздің басқы буыны мен соңғы сөздің біргінен құралады: мединститут, пединститут т.б. [2, 97].

Күрделі сөздердің келесі біr түрі – тірке斯ken сөздер. Мысалы, су жылан, тұлкі тымақ, қоңыр ала, көк ала, он бес, сатып ал, екі жұз, алып қайт, күні кеше т.б. Осындағы су жылан, тұлкі тымақ сөздері зат есімдерден; көк ала, қоңыр ала сын есімдерден; екі жұз, он бес сан есімдерден; сатып ал, алып қайт етістіктерден; күні кеше үстеуден жасалып тұр [2,88].

Жоғарыда аталып өткен күрделі сөздердің біr түрі күрделі кірікken сөздер жайлы профессор Қ.Жұбанов өз пікірін білдірген. Ол кіcis 1930 жылдардың езінде-ақ қандай сөздердің кірікken сөз дейміз, кірікken сөздердің қандай белгісі

болады деп сауал қойып, соған берген жауабында: «Бірнеше сөзден күралған болса да, кірікken сөздер бір-ак нәрсені атайдын, бір-ак сөздің орнына жүретін болу керек. Екінші, кірікken сөз болу үшін, мұның ішіндегі жеке сөздердің әрқайсысы сөйлемде өз алдына бір-бір мүше болмай, бәрі жинальп барып сөйлемнің бір-ак мүшесі болу керек... Ушінші, кірікken сөздердің қайсы біреулерінде біреуінің не екеуінің де формасы жай қалпындағыдан өзгеріп басқа түрге түседі. Төртінші, кірікken сөздердің бір айырмасы – мұнда екпін біреу-ак, онда кірігуші сөздердің ең соңғысында ғана болатындығы» – деп тұжырымдайды [3, 223].

Профессор Н.Сауранбаев қазак тіліндегі изафеттік топтың түрлеріне тоқтала келіп: «Бірнеше топтың өзгешелігі –олар синтаксистік шенберден шығып, морфология, оның ішінде сөз тұдышы жүйесіне айналған тәсіл... Изафеттік бұл түрі қазір тұтас бір атау болып ұғынылады» – дейді. Мысалға, қаламұш, баскиім, желбеу дегендерді келтіреді де сөйлемге бір мүше болатынын айтады [4, 21].

Қазак тіл біліміндегі біріккен сөздерді зерттеумен шұғылданған екінші тіл маманы Г.Жаркешева: «...біріккен сөз дегеніміз семантикалық бір мағынаны білдіретін, сөйлемнің бір ғана мүшесі болатын, біріккен екі сөздің аралығына дыбыс үндесу заңы әсер ететін сөздер деп тұсіну керек» [5,82], – дейді. Сонымен, Г.Жаркешева біріккен сөздердің ерекшеліктері дегенге мағына тұтастығын, сөйлемге дербес бір ғана мүше болуын, компоненттерінің қалыптасуына дыбыс үндесу заңы қатысуын жатқызады.

Тұркі тектес халықтарда көп қолданылған, олардың сөздік қорындағы сөздік тұлғалардың бірі – кос сөздер. Сондықтан көптеген ғалымдардың назарын аударып зерттеу еңбектерінің объектісі болды. Кос сөздерге арнайы жазылған еңбек деп Н.К.Дмитриєвтің енбегін атауымыз керек. Автор башқұрт тілі деректерінің негізінде кос сөздердің жасалуы, түрлері, мағыналары жөнінде ғылыми тұжырымдар жасайды. Осы мәселе төңірегіндегі зерттеулерді сала-салага бөліп, саралағанда, морфологиялық, этимологиялық, стилистикалық тұрғыда қарастырылған бірталай еңбектерге кездесеміз.

А.Есенғұлов көне тұркі жазба ескерткіштеріндегі қос сөздердің табиғатын көрсетсе, Ә.Керімов қос сөздерді құрамына қарай қайталама және қосарлама қос сөздер деп бөледі. Негізгі көпшілігі таза тұркі сөздерінің қосарлануы арқылы жасалған дей отырып, кірме сөздерді де айқындайды: Екі сыңары да араб сөзі: мал-мұлік, екі сыңары да парсы сөзі: парә-парә, бір сыңары араб, бір сыңары тұркі сөзі: шәһар-бол, мал-товар, қазғу-хасрәт [6, 49-45]. А.Есенғұлов: Көне тұркі жазба ескерткіштерінде қос сөздердің қосарлама түрі қолданылады да қайталама қос сөздер кездеспейді», – деп көрсетеді [7,138]. Тағы бір атап әтетін жайт: Көне жазбаларда қос сөздердің орын тәртібі өте тұрақты. Егер сыңарларының орнын ауыстырса, қос сөз болудан қалады. Мысалы: қызы-оғул – қызы бала, оғул-қызы –балалар, қызы-кудуз – қызы бала, кудуз-қызы – әйел [7,139].

А.Байтұрсынов өзінің еңбекінде қос сөздерге былай анықтама береді: «Қос сөз дегеніміз – қосарынан айтылатын бір өңкей есімді сөздер. Қос сөз екі түрлі болады, біреуі нәрсенің көбін атайды, екіншілері айыра атайды. Алдыңғысы жалпылағыш қос сөз деп соңғысы жалқылағыш қос сөз деп айттылады» [8,45], – дейді. Жалпылағыш қос сөздерге: аяқ-табақ, төсек-орын, ер-тұрман, киім-кешек, бақа-шаян сияқтыларды жатқызыса, жалқылағыш қос сөздерге: жел-бау, жүк-аяқ, ер-батыр, есен-аман, өмір-қопса, шекті-бай, төсек-ағаш т.б. жатқызады.

А.Байтұрсынов қос сөздерді жалпы екіге бөліп қарастыра, белгілі тіл маманы Ж.Сауранбаев қазак тіліндегі қос сөздерді бес топқа бөліп көрсетеді.

1. Мәндес қос сөздер (қыз-келіншек).
2. Қайшы мәндес қос сөздер (үлкен-кіші, ыстық-сұық).
3. Сыңар мәндес қос сөздер (алай-дулей, кәрі-құрттан).
4. Қайтала ма қос сөздер (тау-тау, бес-бестен).
5. Қоспа буынды қос сөздер (ап-ауыр, ұп-ұзын, тәп-тәтті) [9, 64].

А.Қайдаров, Н.Сауранбаевтың қос сөздерді беске бөліп жіктегенін қостай келе, қос сөздердің осы бес түрі барлық сөз таптарына да ортақ екенін, бірақ қос сөздердің қай-қайсысы да кемінде екі сөзден құралатындығын, оның әрбір сыңарының кейде толық мағыналы, кейде мағынасы жоқ сөз болатыны белгілі дейді. Ол зерттеушілердің екі сөзден құралатындығына сүйеніп, қос сөздерді сөз тіркесі түрлеріне жатқызатындығын да айттып өтеді.

А.Қайдаров кейбір басқа еңбектерде қос сөздерді сөз тіркесі дегенмен, олардың сөз тіркесінен төмендегідей айырмашылығы барлығын көрсетеді.

Бір сыңары өздігінен мағына бере алмайтын қос сөздер сөз тіркесіне жатпайды. Қос сөздердің екі сыңары да мағыналы болғанымен, бір сөздің орнына қолданылады. Қос сөздердің әрбір сыңары басқа тілге калька бойынша аударылмай, тек мағынасы жағынан аударылады. Қос сөздердің сыңарының мағыналық жағынан жақындастығы соншалық, оларды бірыңғай мүшелер сияқты айтуда арасына кідіріс жасап айтуга болмайтындығын А.Қайдаров өзінің еңбекінде айттып өтеді [10,12].

Қос сөздердің курделі түрі үтір арқылы жазылады және екі сөзден ғана емес, одан да көп сөзден, тіпті екі сөйлемнен жасалады. Бұл жайтты анықтаған Кеңесбаев былай дейді: «жалаң қос сөздерге қарағанда, күрделі қос сөздер, көбінесе, метафоралық мағынада айттылады. Бұл есегін олар «идиомдық» немесе «фразалық» қос сөздер бола алады. Оларға мынадай мысалдар келтіреді: «ұзын-арқан, кең тұсау», «ұлде мен бұлдеге оранып», «айрандай аттап, күбедей пісіп», «бір сырлы, сегіз қырлы», «алалы жылқы, ақтылы қой», «әулиеге айттып, қорасанға қой айттып». Оның айттынша қос сөздер деп атаяу үшін сыйықшамен жазылу шарт емес, яғни тілімізде бір-бірінсіз айттылуға келмейтін тиянақты сөздерді қос сөздер деп тануға болады» [11, 93].

Стилистика түрғысынан қос сөздердің қолданылу жайына алғаш көңіл аударған ғалым Ф.Мұсабекова. Ол қос сөздерді зат есімдік түлғада қарастырып, сөйлем ішіндегі қолданылуына, стильдік мән-мазмұнына тусланып, береді. Ғалым қос сөздерді қолданудың сөйлем мағынасына әсерін былайша көрсетеді: «Көшени

араладық» дегенде немесе «көше-көшени араладық» деген екі сөйлемде айтылып түрған ой мағыналас, бірақ бұл екі сөйлем арасынға мағыналық жағынан тепе-тендік белгісін қоюға болмайды, себебі «көше-көшени араладық» дегенде, дарапап, бөліп-бөліп айырып, әлденеше көшени аралағаны айқын берілсе «көшени араладық» дегенде, дарапау көптік ұғымнан ғері жалпылық ұғым басым беріледі. [12, 133].

Жоғарыда айтылған пікірлердің бәрін қорытындылай келе, қос сөздердің стилистикасы мынадай мәселелердің айналасында болған:

1. Қос сөзді қолданудың сөйлем мағынасына әсери.
2. Қос сөздердің экспрессивті- эмоционалдық мағыналары.
3. Қос сөздерді қолданудың ұтымдылығы.
4. Жеке жазушылардың қос сөздерді қолдану ерекшелігі.

Сонымен, курделі сөз, оның табиғаты мен морфологиялық құрылымы және түрлері жайындағы жоғарыда айтылған мәліметтерді жинақтай келгенде, курделі сөз кемінде екі түбірдің біргігүйен, тіркесуінен немесе қосарлануынан жасалады. Курделі сөздің құрамындағы сыңарлар әр басқа ұғымды емес, бәрі жинальып келіп бір ғана ұғымды билдіреді. Курделі сөздің шыққан тегі – сөз тіркесі. Тілдің даму барысында сөз тіркестері семантикалық жағынан да, морфологиялық жағынан да, синтаксистік жағынан да тұтасып, бір бүтін ұғымды билдіруінен курделі сөздер жасалған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі.- Алматы: «Ана тілі», 1991 ж. -320 б.
2. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: «Мектеп», 1972 ж.-240 б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер.- Алматы, 1975 ж. -180 б.
4. Сауранбаев Н. «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі» Алматы, «Мектеп» 1948 ж. -150 б.
5. Жаркешова Г. Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі.- Алматы: «Жалын», 1960 ж.-140 б.
6. Кәрімов Ә. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары.- Алматы, 1981 ж. -240 б.
7. Есенғұлов А. Қоңе түркі жазба ескерткіштеріндегі қос сөздер және олардың қазақ әдеби тіліне қатысы жайында. – Алматы, 1982 ж. -150 б.
8. Байтұрсынов А. Тіл тағымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992 ж. -110 б.
9. Сауранбаев Н. Қазақ тілі педучилищеге арналған. – Алматы: «Жазушы», 1953 ж.-150 б.
10. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998 -180 б.
11. Қенесбаев И. Қазақ тіліндегі фразалық қос сөздер. – Алматы, 1950 ж. -190 б.
12. Мұсабекова Ф. Қазақ тілінің практикалық стилистикасы.- Алматы, «Мектеп» 1982 ж.-145 б.